

## Мерейтоймен құттықтау



### ***Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Сізді 60 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!***

Таубаев Өтеген Байырғалиұлы өзінің алғаш еңбек жолын 1984 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ассистент қызметін атқарудан бастады. Осы уақыт ішінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы лауазымдарында қызмет атқарды.

1988 жылы Мәскеу қаласындағы ветеринария академиясына күндізгі оқу бөліміне түсіп, аспирантураны аяқтаған соң, 1992 жылдың қаңтарында 16.00.03. – «Мал дәрігерлік микробиология, вирусология, эпизоотология, микология микотоксинологиясымен бірге және иммунология» мамандығы бойынша К.И.Скрябин атындағы Мәскеу ветеринариялық академиясының жанындағы диссертациялық кеңесте диссертациясын ойдағыдай қорғап, ветеринария ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. 2009 жылы 16.00.03. – «Мал дәрігерлік микробиология, вирусология, эпизоотология, микология микотоксинологиясымен бірге және иммунология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 2011 жылы «Ветеринария» мамандығы бойынша профессор ғылыми дәрежесі берілді. 2004 жылдың тамызынан оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор, 2005 жылдың ақпанынан оқу жұмыстары жөніндегі проректор, ал 2008 жылдың тамызынан бастап бірінші проректор лауазымында қызмет атқарып келеді.

Бүгінгі таңда болашақ білікті де білімді, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда, оқу ордамыздың халықаралық аккредиттеуден өтуде тұрақтылық пен жауапкершілік жүгін жоғары бағалай отырып, атқарып отырған лауазымдық қызметінде аянбай еңбек етуде.

Ө.Б. Таубаев – білікті кәсіби жетекші, беделді ғалым, әріптестері, ұжымдастары, шәкірттері алдында сый-құрметі жоғары білімді тұлға. Еңбек жолындағы табандылығы мен талантын жүйелі ұштастырудың арқасында бүгінде ғылым докторы, профессор, аграрлық мамандықтар бойынша ҚазҰУ жанындағы РОӘК мүшесі, ветеринарлық мамандықтар бойынша ҚР МЖМБС әзірлеуші және университетіміздің басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары.

Еңбек жолында атқарған сүбелі нәтижелері үшін келесідей марапаттардың иесі атанды: "ҚР Конституциясына 10 жыл", "Ерен еңбегі үшін" медальдары, ҚР БҒМ "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері", "ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" және "ЖОО үздігі", "ЖОО ардагері" төсбелгілері. ҚР Президентінің Алғыс хаты мен ҚР БҒМ Құрмет грамотасының иегері.

Дәл қазіргі кезеңде адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған белесіңізде өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!